

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 4 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Жоғарғы Сот судьясын қызметтен босату туралы.

Бұл мәселе бойынша Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тиісті ұсынымы Сенатқа келіп түсті.

Слово для оглашения представления Президента страны предоставляется Председателю Высшего Судебного Совета Республики Казахстан Шиппу Денису Алексеевичу.

ШИПП Д.А. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! На ваше рассмотрение внесено представление Главы государства об освобождении Токмурзиной Даны Айтмаганбетовны от должности судьи Верховного Суда.

Дана Айтмаганбетовна была избрана судьей Верховного Суда из числа квалифицированных специалистов, имеющих большой опыт в сфере налогового, таможенного и предпринимательского права.

Избрание Токмурзиной судьей Верховного Суда было связано с созданием нового для республики института административной юстиции, образованием специализированных административных судов, в том числе судебной коллегии по административным делам в Верховном Суде.

За два года работы в Верховном Суде Дана Айтмаганбетовна активно участвовала в формировании системы административной юстиции и судебной практики по

административным делам. В настоящее время Токмурзиной принято решение вернуться в корпоративный сектор.

Уважаемые депутаты, просим вас поддержать представление Главы государства об освобождении от должности судьи Верховного Суда Токмурзиной Даны Айтмаганбетовны в связи с переходом на другую работу.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Спасибо, Денис Алексеевич, присаживайтесь.

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Президенттің ұсынымын талқылап, өз қорытындысын әзірледі.

Слово предоставляется председателю комитета Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На основании представления Президента Республики Казахстан, основанного на рекомендации Высшего Судебного Совета, Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам в соответствии с подпунктом 1) статьи 55 Конституции Республики Казахстан и статьей 34 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» рекомендует Сенату Парламента Республики Казахстан освободить от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан Токмурзину Дану Айтмаганбетовну в связи с переходом на другую должность.

Қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Андрей Иванович.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Әріптестер, қолдайсыздар ма?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Жақсы. Онда шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Тоқмырзина Дана Айтмағанбетқызы басқа жұмысқа ауысуына байланысты Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босатылсын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе «Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер және шақырылғандар! Сіздердің қарауларыңызға «Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады.

Қарастырылып отырған келісімге 2022 жылдың 19 сәуірінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің басшылары қол қойған болатын. Қазіргі уақытта одаққа мүше барлық мемлекеттер аталған келісім күшіне енуі үшін қажетті ратификациялау туралы рәсімдерді аяқтады. Сондықтан аталмыш келісім ережелерін қолдану транзиттік әлеуетті дамытуға ықпал ететін болады деп күтілуде.

Заң аясындағы келісімнің мақсаттарын атап өтетін болсақ, олар сыртқы экономикалық қызметке адал қатысушылар үшін кедендік рәсімдерді оңайлатуға, уақыт және қаржылық шығындарын қысқартуға, жүйенің қолжетімділігін және сенімділігін арттыруға бағытталған.

Келісімнің ережелері келесідей ерекшеліктерді анықтайды.

Бірінші. Транзиттік тасымалдарды жүзеге асыру кезінде кедендік төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды бас қамтамасыз етумен бірге жұмыс тәжірибесі бар және белгіленген өлшемдерге сай келетін декларанттар үшін жеңілдету мүмкіндігі көзделген.

Мұндай декларанттар бірнеше транзиттік декларациялар бойынша тасымалданатын тауарларға қатысты кеден баждарының, салықтардың сомасынан аз мөлшерде немесе 20 пайызға дейін төмендетуді қамтамасыз ете алатын болады.

Екінші. Келісімге сәйкес ұлттық кепілгерлер деп танылған тұлғалар үшін жеңілдету мүмкіндіктері қарастырылған. Аталған тұлғалар белгілі бір шарттар сақталған кезде қаржылық кепілдік мөлшерін 10 пайыздан 100 пайызға дейін оңайлатуды қолдана алады, яғни келісім транзиттік тасымалдарды жүзеге асыру кезінде сыртқы экономикалық қызметке адал қатысушылардың шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін болады.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес келісімнің ережелері кедендік және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттерді орындауды қамтамасыз етудің бір тәсілі ретінде кепілгерлікті дамытуға бағытталған.

Айтылғандарға орай Қазақстан Республикасының аталмыш келісімді қабылдауы бизнеске кепілгерлік институтын дамытуға, қалыптастыруға және қатысуға мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде тауарларды тасымалдау кезінде ұлттық тасымалдаушылар үшін заманауи озық тәжірибелерді қолдануға жағдай жасайды.

Келісімнің ережелері ұлттық заңнамаға өзгерту енгізуді талап етпейді және оны іске асыру мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды қажет етпейді.

Заң Қаржы және бюджет комитетінің отырыстарында жан-жақты қаралды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер, баяндалғандарды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті күн тәртібінде қаралып отырған «Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичқа беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

Елдің экономикалық қауіпсіздігі кез келген мемлекеттің кеден органдарының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қазіргі геосаяси жағдайды ескерсек, олардың қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызы тіпті артуда. Бұған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кедендік транзит кезінде баждар мен салықтарды төлеудің неғұрлым қолайлы жағдайларын жасауды көздейтін бүгінгі қаралып отырған заң да дәлел болып табылады.

Заңды іске асырудың негізгі тетіктерінің ішінде ұлттық кепілгерлер институтын енгізу көрсетілген.

Қазақстанда кепілгерлік соңғы бір-екі жылдың ішінде қолданысқа еніп, дамып келеді. Осыған қатысты сұрақ туындайды.

Сіздің ведомство кепілгерлік институты енгізілгеннен кейін кедендік транзит кезінде салықтар мен баждарды төлеу саласындағы көрсеткіштердің өзгеруін қадағалай ма?

Келесі сұрақ. Бұл қазақстандық тауар өндірушілер үшін, сондай-ақ ел экономикасы үшін қаншалықты тиімді? Бұл туралы болжамды есептеулер жасалды ма?

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Біржанов Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз. Екі сұрақ болды.

БІРЖАНОВ Е.Е. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Алишер Гапиржанович, иә, біз кепілгерлік институты бойынша жұмысты 2018 жылдан бастаған болатынбыз. Өкінішке қарай, қазір бұл құрал ретінде кеңінен тарамаған, барлық транзиттік тасымалдау 2 пайызды ғана құрайды. Көбіне біздің тасымалдаушылар сақтандыру режимін қолданады. Енді бұл жаңа құрал ретінде енгізіліп отыр. Жеңілдіктер көзделген. Соның арқасында осы институтты дамытамыз деген ой бар.

Айта кететін болсақ, тек кепілгерлік институты ғана емес, біз сонымен қатар транзитті дамыту кезінде навигациялық пломбаларды енгізген болатынбыз. Соның нәтижесінде 2019 жылдан бері жылына 5,5 мыңға дейін заң бұзушылық анықталса, соңғы жылдың деректері бойынша бізде 262 ғана факті тіркелді, ондай фактілер азаюда, яғни баж салығы толыққанды бюджетке түседі. Кепілгерлік институты біздің декларация өткізетін азаматтарға қосымша көмек ретінде болады және бұны ары қарай дамыту керек деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Азаматтарға, елімізге қандай пайда болады, сол бойынша болжамдарыңыз, нақты цифрларыңыз бар ма?

БІРЖАНОВ Е.Е. Бұл транзит болғандықтан тура пайда болмаса да, егер деректерге жүгінетін болсақ, 2022 жылдың қорытындысы бойынша бізде транзиттің мөлшері 32 пайызға ұлғайды. Бұл тек кепілгерлік институтына ғана әсерін тигізбейді, сонымен қатар мультипликативтік әсері болады. Бұл басқа салаларды да, мысалы, жол саласын, сервис саласын дамытады және әлеуметтік салада жұмыссыздық мәселесіне де әсер етеді. Сондықтан біз транзиттік потенциалды ұлғайту бойынша бастаманы іске асырсақ, ол өз әсерін тигізеді деп ойлаймын. Бірақ бюджетке осыншама қаражат түседі деген болжам жасаған жоқпыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы вице-министрі Ержан Ерікұлы Біржановқа.

Қаралып отырған келісім Еуразиялық экономикалық одақта кедендік ресімдердің бірыңғай жүйесін дамытуға және кедендік төлемдерді төлеу бойынша кәсіпкерлерге жеңілдіктерді беруге бағытталған. Алайда келісімнің кейбір баптарына байланысты сұрақтар туындап отыр.

В частности, в соответствии со статьей 2 соглашения определены условия применения упрощения на 20 процентов при оформлении сертификата обеспечения на общую сумму, превышающую размер предоставленного генерального обеспечения исполнения по уплате таможенных платежей.

Одним из таких условий является то, что лицо, имеющее намерение применять упрощение, в течение трех лет, предшествующих дню подачи такого заявления, регулярно, не менее 30 раз в год выступало декларантом товаров.

Вопрос: в связи с чем использовано такое количественное требование, я бы даже сказал ограничение, для предпринимателей, как не менее 30 раз в год выступать декларантом товаров? Спасибо.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Ернұр Нұрмұханұлы, иә, бұл жерде критерийлер көзделген. Критерийлерді енгізуде біз қосымша жеңілдік береміз, бұл шектеу емес. Бұл халықаралық тәжірибеде бар. Тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша егер біз жеңілдік берсек, онда нақты тасымалдаушыға сенуіміз керек, ол заң бұзбауы керек, ол нарықта жұмыс жасауы керек, базасында автокөлігі болуы керек. Сондай критерийлер бар. Жылына отыздан астам декларация тапсыруы тиіс деген критерий болған. Келісімнің 6-бабында көзделгендей Қазақстанға өтпелі үш жылдың ішінде бұл норма қолданылмайды. Сондықтан үш жылдың ішінде біздің тасымалдаушылар отыздан астам декларация тапсырады, содан кейін ғана бұл норма енеді. Қазір бізге ондай шектеу көзделмеген. 6-бапта ол қарастырылған. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Большерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Министерству финансов Республики Казахстан.

Таможенным кодексом Евразийского экономического союза установлено, что в ЕАЭС осуществляется единое таможенное регулирование, включающее в себя установление порядка и условий перемещения товаров через таможенную границу Союза, а также порядка уплаты таможенных и иных платежей, проведения таможенного контроля.

Порядок зачисления и распределения сумм ввозных таможенных пошлин, их перечисления в доход бюджетов государств-членов определяется соответствующим протоколом, которым установлены следующие нормативы распределения сумм ввозных таможенных пошлин для каждого государства-члена:

- Республика Армения – 1,2 процента;
- Республика Беларусь – 4,8 процента;
- Республика Казахстан – 6,9 процента;
- Кыргызская Республика – 1,9 процента;
- Российская Федерация – 85 процентов.

Сегодня со стороны бизнес-сообщества высказывается неоднозначная оценка действующих нормативов. Данный вопрос уже был задан сенаторами вашему министерству и Министерству торговли и интеграции.

В этой связи вопрос: какая работа проводится в части пересмотра действующих нормативов распределения сумм ввозных таможенных пошлин? Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Маулен Сағатханұлы, Евгений Андреевич! Да, этот вопрос уже поднимался. Если говорить о методике, то она складывается из двух показателей: объем импорта за последние два года и доля вноса в общую казну за последние два года. Усредненный арифметический показатель был принят еще в 2010 году. На протяжении всего действия три раза был пересмотр подходов. По последней инициативе армянской стороны в октябре вопрос был принят в работу. Эксперты несколько раз встречались, статистика уже подведена.

Согласно Регламенту ближайшее заседание Совета состоится 22 мая в Москве. Данный вопрос включен в повестку, мы его рассмотрим на уровне Совета. После будет рассмотрен на уровне премьер-министров, а дальше будет вынесен на рассмотрение глав государств. Такая работа в полной мере проводится совместно со всеми государственными органами. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ержан Ерикович, в целом Ваш ответ мы принимаем. Но все договоры, которые подписываются Казахстаном, в частности Евразийский экономический союз мы обсуждаем, если те договоры подписаны когда-то, это не означает, что мы не должны в процессе, в правоприменении смотреть, анализировать выгоды этих договоров для Казахстана. Если есть какие-то вопросы, если наши предприниматели поднимают какие-то вопросы, то какие-то соглашения нужно еще раз обсуждать с нашими коллегами, у них могут быть какие-то встречные вопросы. Это постоянный процесс. Если мы когда-то подписали, это не означает, что мы не должны менять эти соглашения. Есть установленный порядок, как это осуществляется. Надо поднимать эти вопросы, выходить с инициативами, обсуждать, встречаться с нашими заинтересованными государственными органами. Собрав предложения, там ставить вопросы.

Я думаю, что в целом сенаторы правильно ставят вопросы. Это рабочий процесс. Если мы видим, что наши интересы недостаточно реализуются, мы эти вопросы должны ставить перед коллегами из других стран и продвигать нашу позицию.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сұлтанбек Алмасбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Закон «О ратификации Соглашения об особенностях применения обеспечения исполнения обязанности по уплате таможенных пошлин, налогов, специальных, антидемпинговых, компенсационных пошлин при перевозке (транспортировке) товаров в соответствии с таможенной

процедурой таможенного транзита» предусматривает собой механизм упрощения по обеспечению исполнения обязанности по уплате таможенных и иных платежей.

Ратификация соглашения урегулирует два блока вопросов.

Первый блок позволит добросовестным декларантам оформлять сертификаты обеспечения на 20 процентов больше, чем предоставленное генеральное обеспечение. При разработке этой части решения вопроса учитывался опыт Европейского союза, в частности Конвенции об общем транзите.

Второй блок направлен на особенности установления применения поручительства. Поручители, признанные в соответствии с соглашением национальными гарантами, смогут применять упрощение от 10 до 100 процентов от размера финансовой гарантии, что позволит снизить затраты.

В Республике Казахстан поручительство получило развитие в последние годы. Принятие соглашения положительно повлияет на развитие института поручительства, повысит привлекательность для других стран, улучшит условия для национальных перевозчиков при перевозке товаров.

Соглашение соответствует национальному законодательству и международным договорам Республики Казахстан и не требует выделения дополнительных финансовых средств из государственного бюджета.

Құрметті әріптестер, мен жоғарыда аталған заңды толығымен қолдаймын және сіздерді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, бұл келісім Еуразиялық экономикалық одақ аясында тауар тасымалдау кезінде міндетті кедендік және өзге де төлемдерді төлеуге қатысты құқықтық қатынастарды реттейді. Сондай-ақ құжат сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін жекелеген кедендік рәсімдерді жеңілдетуді көздейді. Алдағы уақытта келісім Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы тауар транзитінің бірыңғай жүйесін қалыптастыруға оң әсерін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сапалы медициналық қызмет азаматтардың тұрғылықты жеріне қарамастан бәріне бірдей қолжетімді болуы керек», – деген болатын. Қазіргі таңда ауылдық медицинаны дамыту елімізде ең өзекті мәселе болып отыр. Елді мекендер мен ауылдарда 7,5 миллион адам тұрады, бұл ел халқының 38 пайызын құрайды. Осы орайда 5 мыңнан астам медициналық ұйымдар ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетеді. Алайда бүгінде елді мекендер мен өңірлерде ауруханалардың жетіспеушілігі, қаржыландыру, кадрлар тапшылығы және қарапайым дәріханалардың болмауы сияқты көптеген маңызды мәселелерді шешу қажеттілігі туындап отыр. Мәселен, Ұлытау облысы Жезқазған қаласында тығыздық коэффициентін қайта қарау аса маңызды болуда. Өйткені жаңадан құрылған облыс орталығында аталған коэффициенттің көрсеткіші өзге өңірлермен салыстырғанда едәуір төмен. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне хат жолданды, бірақ аталған мәселе осы уақытқа дейін шешілген жоқ. Сондай-ақ төрткүл дүниені дүр сілкіндірген пандемия денсаулық сақтау жүйесін жан-жақты жетілдіру қажет екендігін дәлелдеді.

2022 жылы Қазақстан Республикасының Парламентінде «Ауылдық жердегі денсаулық сақтау: қазіргі жай-күйі және даму перспективалары» тақырыбында «үкімет сағаты» өткен болатын. Осы шара барысында Жамбыл облысына қарасты Меркі аудандық орталық ауруханасының ауылдық медицинаны дамытудағы орасан зор жетістіктері таныстырылып, мекеме ерекше көзге түсті. Аталған медициналық орталық инновация, ғылым, техника және цифрлық технологиялар дамыған ғасырда уақыттың талабына сәйкес жұмыс істеумен қатар ауыл халқына тиісті заманауи сапалы қызметтер көрсетіп келеді. Сонымен қатар дәрігерлердің, қаржыландыру мен дәрі-дәрмектердің, құрал-жабдықтардың жетіспеушілігіне және тапшылығына қарамастан ұйымның негізгі көрсеткіштерін жақсартып, жалпы халықтың денсаулық сақтау жүйесіне деген қарым-қатынасын оңтайлы өзгерте білді.

Осы орайда ауылдық медицинаны дамыту мақсатында еліміздің барлық өңірлерінде медицина мекемелеріне енгізу үшін келесі ұсыныстарды жолдай отырып, осы мәселеге ерекше назар аударуыңызды сұраймыз.

1. Үздік тәжірибе орталығының бүкіл жүйесі адам мен оның отбасының қажеттіліктері айналасында шоғырланып, барлық денсаулық сақтау қызметтерін біріктіреді. Ол өз кезегінде «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы аясында жұмыс істейді және психоәлеуметтік деңгейден бастап науқастың барлық қажеттіліктерін қамтиды.

2. Жаңадан енгізілген «Бір алаң және бір терезе» жүйесі емханаға келу көрсеткішін 31 пайызға арттырып, шағымдар санын 60 пайызға азайтқан, ал науқастардың медициналық қызметтің сапасына қанағаттануын 34 пайызға арттырып отыр.

3. Адам ауруларының алдын алуға бағытталған ерекше тәсіл, яғни диагнозға бағытталған тәсіл науқас пен оның қажеттіліктерін бірінші орынға қойып, ескі жүйені жақсартты. Жаңадан ашылған «Денсаулық мектептері» медициналық сауаттылық

деңгейін көтеріп, шұғыл емдеуге жатқызуды едәуір төмендетті. Аталған мектептерде бүгінгі таңда 10 мыңға жуық тұрғындар оқудан өткен.

4. «Психоәлеуметтік көмек бөлімі» жаңа модельдің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және науқастардың барынша сауығып кетуіне жұмыс жасайды. Сондай-ақ учаскелік дәрігерлердің жүктемесін және жұмысын жеңілдету мақсатында мейірбике қабылдауы енгізіліп, дәрігерлерге белгіленген жүктеме анағұрлым азайды. Бірқатар елді мекендерде «Салауатты ауыл» жобасы іске қосылып, салауатты өмір салты қарқын алуда және арнайы жасалған меморандум аясында балалар мен жастарға арналған спорт секциялары, үйірмелер ашылды.

5. Елімізде ауылдық медицинаны жақсарту және жоғарыда аталаған жобаларды барлық өңірлерге енгізу мақсатында Жамбыл облысында «Ұлттық демонстративті платформа» құруды және алғашқы медициналық-санитариялық көмектің озық тәжірибесін енгізу және трансферттеу жөніндегі республикалық үйлестіруші орталық ретінде бекітуді ұсынамыз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, депутаттық сауалға заңда көрсетілген мерзімде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен С. Медебаев. С. Шайдаров».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлына жолданады.

Біздің депутаттық сауалымыз бірнеше маңызды мәселелерге байланысты.

«Бірінші. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2023 жылғы 3 ақпандағы Жамбыл облысына жұмыс сапары барысында балық шаруашылығын дамыту мақсатында шаруаларға жер учаскелерін беру үшін Жер кодексіне тиісті түзетулер енгізу мәселесін пысықтауды тапсырған болатын. Соған сәйкес облыста балық шаруашылығын дамытудың өңірлік бағдарламасымен 2025 жылы балық өсіру көлемін 3 мың тоннаға, 2030 жылы 8 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда. Алайда аталған мақсатқа жер учаскесін беру және нысаналы мақсатын өзгерту жер заңнамасында нақтыланбағаны өз кедергісін келтіруде.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 97-бабы 1-тармағына сәйкес ауыл шаруашылығының қажеттері үшін берілген немесе осы мақсаттарға арналған жер ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер деп танылады. Бұл ретте балық шаруашылығы құрылысы үшін жер учаскесін беруге де және қай салаға жатқызылатындығы да Жер кодексі мен басқа да құқықтық нормативтік актілерде реттелмеген. Соның салдарынан Жамбыл облысының балық шаруашылықтары 2021 – 2030 жылдарға арналған бағдарламада қарастырылған 50 пайыздық заңды субсидияларын ала алмайды. Нәтижесінде бұл балық шаруашылығын дамытуға кері әсерін тигізіп отыр.

Екінші. Жер заңнамасына қатысты мәселе – жайылым жер жетіспеушілігі. Жамбыл облысында орман қорының жалпы көлемі 4,4 миллион гектар болса, оның ішінде орман

ағаштары 2,3 миллион гектар. 1991 жылға дейінгі мерзімде облыстық халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің қаулысымен ауыл шаруашылығы мақсатындағы біршама алқаптар орман қорына ауыстырылған болатын.

Статистикалық есепке сәйкес өңірде тіркелген барлығы 4,3 миллион мал басын шартты басқа айналдырғанда әр басқа 8 гектар жайылым тиесілі. Дегенмен мал басының негізінен тұрғындардың иелігінде болуына байланысты және ауылдық округтерге бекітілген жерлердің аздығынан бүгінде облыста 683 мың гектар жайылымдық жер жетіспейтіндігі анықталған. Бұл барлық аймақтарда кездесетін өзекті мәселелер екенін ескерсек, шешімін тапқан жағдайда төрт түлік малмен өмірін байланыстырған ауыл халқына қолдау болатыны анық.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде:

1) балық шаруашылықтарына тиісті құрылыстар салуға, жер учаскесін беруге және оның нысаналы мақсатын нақтылауға байланысты жер, су заңнамалары мен тиісті нормаларға түзетулер енгізуді;

2) Жамбыл облысының кешенді даму жоспарын орындау үшін ормансыз алқаптардағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді орман қорынан 20 шақырым радиуста шекаралас орналасқан ауылдық округтерге беру туралы жер заңнамасына және басқа да заң нормаларына түзетулер енгізу үшін тиісті органдарға нақты тапсырма беруді сұраймыз.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар С. Арубаев, Б. Орынбеков». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сауалым Үкімет басшысына жолданады.

«Уважаемый Алихан Асханович! Поводом для депутатского запроса стало коллективное обращение руководителей областных филиалов противочумной службы страны по вопросам оплаты труда.

Первое. Несмотря на повышение заработной платы сотрудникам противочумной службы, в данное время в оплате труда специалистов с медицинским и немедицинским образованием произошел существенный разрыв более чем в два раза. При проведении лабораторных исследований компетенции и должностные обязанности специалистов лабораторий не уступают компетенции специалистов с медицинским образованием. В их число входят биологи, зоологи, биотехнологи, непосредственно работающие в заразных блоках бактериологических лабораторий противочумной службы.

В связи с чем необходимо внести изменения в действующее постановление Правительства № 1193 в части увеличения поправочных коэффициентов к должностному окладу специалистам с высшим и средним немедицинским образованием.

Второе. Согласно последним изменениям и дополнениям в постановление Правительства «О системе оплаты труда гражданских служащих, работников

организаций, содержащихся за счет государственного бюджета, работников казенных предприятий» с 1 января текущего года упразднены доплаты за обращение с патогенными биологическими агентами и за работу с возбудителями чумы специалистов противочумной службы. При этом не учтены доплаты за биологические риски при обработке и обеззараживании полевого биологического материала, уходе за зараженными биопробными животными, за работу с сильнодействующими токсичными препаратами и работу в полевых условиях.

В результате доплатами в размере 50 процентов от должностного оклада за риски, связанные с профессиональной деятельностью, охвачено всего 23 процента сотрудников противочумных станций, что может повлечь отток подготовленных кадров.

В этой связи необходимо восстановить доплаты за особые условия труда для всех сотрудников и лиц вторичного контакта, подверженных биологическим рискам, действовавшие до 1 января 2023 года.

Вместе с тем еще не завершена работа, озвученная в рамках поручения Президента страны Касым-Жомарта Кемелевича Токаева, по созданию Национальной системы прогнозирования биобезопасности страны и эффективной борьбы с имеющимися и вероятными биологическими угрозами.

Так, постановлением Правительства в декабре 2021 года принято решение о создании АО «Национальный холдинг «QazBioPharm», в состав которого путем реорганизации ряда научно-исследовательских институтов и национальных центров данного направления планировалось ввести Национальный научный центр особо опасных инфекций имени Айкимбаева. Однако в настоящее время данная работа приостановлена в связи с обсуждением вопроса очередной реорганизации путем выделения противочумной службы из состава центра в отдельное государственное учреждение.

Считаем, что нельзя допускать фрагментирования целостной системы реагирования и противодействия угрозам биологического характера по следующим причинам.

Первое. 50 процентов эндемичных по очаговой чуме территории всех стран СНГ приходится на Казахстан, это более 40 процентов всей территории страны.

Второе. Противочумная служба с 2019 года входит в состав Национального центра особо опасных инфекций имени Айкимбаева, что позволило за эти годы консолидировать деятельность ученых и практических сотрудников противочумных станций в едином центре и обеспечить единство науки и практики.

Третье. Несмотря на то, что последний случай чумы в Казахстане зарегистрирован 20 лет назад, в последние годы человечество столкнулось с нестабильностью биологического мира. SARS, COVID-19, птичий и свиной грипп – это только часть инфекций, представляющих реальную угрозу при растущем числе мутаций, возбудителей, расширении ареала инфекционных болезней трансграничного характера и последствий глобального потепления.

Поэтому ослабление контроля за неблагополучными территориями и подобное дробление могут нанести тяжелый удар по населению республики.

На основании вышеизложенного, уважаемый Алихан Асханович, прошу пересмотреть размеры оплаты труда с учетом уровня биологических рисков сотрудников

противочумной службы и выделить средства из республиканского бюджета со второго полугодия текущего года, а также ускорить передачу РГП на ПХВ «Национальный научный центр особо опасных инфекций имени Айкимбаева» в состав холдинга «QazBioPharm» без выделения противочумной службы из состава центра, при сохранении принципа единоначалия Главного государственного санитарного врача при эпидемиологических осложнениях.

Құрметпен депутаттар А. Әлназарова, А. Арғынбекова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің сауалымыз Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Сейдірұлы Көлгіновке арналады.

«Құрметті Алтай Сейдірұлы! Президент еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте: «Қазіргі заманда дамудың басты кілті – білім. Біз заман талабына барынша бейім, сондай-ақ жарқын болашақты өз қолымен қалайтын жасампаз ұрпақ тәрбиелеуіміз керек», – деп атап өткен.

В настоящее время в стране сеть организаций среднего образования составляет более 6900 школ с контингентом около 3,5 миллиона обучающихся, из них 208 школ с узбекским, уйгурским и таджикским языками обучения, это более 100 тысяч обучающихся.

В ходе встречи с населением Алматинской и Жетысуской областей были подняты проблемы этих школ, в том числе по получению учебников для школьников. Вот уже много лет систематически несвоевременно получают учебники с 1 по 11 классы в связи с поздним изданием приказа Министерства просвещения и его регистрацией в органах юстиции. Учебники поступают в лучшем случае к началу, а иногда даже к концу второй четверти учебного года.

Данный факт серьезным образом отражается на качестве образования, вызывает недовольство родителей и учащихся. К примеру, в 2019 – 2020 учебном году учебники для 10-х классов получили в декабре, в 2020 – 2021 учебном году учебники для 11-х классов получили в начале ноября, в 2021 – 2022 учебном году учебники для 1-х классов получили в начале ноября.

В настоящее время в стране разработкой и изданием учебников занимаются порядка 20 издательств, которые формируют авторские коллективы по 16 предметам согласно типовым учебным планам. При этом согласно официальному ответу министерства, сформировать авторские коллективы для подготовки учебников не представляется возможным по предметам из-за недостаточности кадров с соответствующей квалификацией. Проведение всех этих процедур требует значительного дополнительного временного ресурса. Это является причиной позднего обеспечения учебниками обучающихся школ с узбекским, уйгурским и таджикским языками обучения.

Также можно привести пример по школам с изучением немецкого языка, которых на сегодня насчитывается более 40 по республике. Данные школы имеют аналогичные проблемы с укомплектованностью учебниками по немецкому языку.

Таким образом, министерство не предлагает путей решения данного вопроса, а просто занимается банальной отпиской, что якобы нет времени и кадров. Этим министерство показывает свою некомпетентность в решении сложившейся проблемы.

Отмечаю, что министерство ведет мониторинг обеспечения обучающихся учебниками, а приобретение и доставку учебников осуществляют акиматы. Однако на данный момент отсутствует эффективное взаимодействие между министерством и местными исполнительными органами в данном вопросе.

В Доктрине национального единства Казахстана предусмотрена необходимость создания равных возможностей и достойных условий жизни для всех граждан Казахстана.

В своем выступлении Глава государства на 32-й сессии Ассамблеи народа Казахстана отметил: «Каждый этнос в Казахстане имел и будет иметь возможность развивать свои традиции, культуру и язык. Это, по сути, основа общенациональной идентичности».

Учитывая вышеизложенное, предлагаем следующее:

1) оптимизировать и пересмотреть сроки издания учебников и учебно-методических комплексов для школ с узбекским, уйгурским, немецким и таджикским языками обучения;

2) скоординировать работу на всех этапах в целях своевременного издания и доставки таких учебников для школ;

3) предусмотреть выделение грантов для обучения соответствующих специалистов (филологов) по подготовке учебников и учебно-методических комплексов для школ с узбекским, уйгурским и таджикским языками обучения;

4) обеспечить в полном объеме и в сроки учебниками, где изучаются языки этносов Казахстана.

Просим в установленные законом сроки дать письменный ответ по результатам рассмотрения настоящего депутатского запроса.

С уважением, депутаты Парламента от Ассамблеи народа Казахстана Кузиев, Шиповских. Сатвалдиев, Ниязова, Бөлгерт». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 4 мамыр

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметінен босату туралы

Об освобождении от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы Д.А. ШИПШТІҢ баяндамасы

Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан ШИПША Д.А. 1

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы А.И. ЛУКИННІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ЛУКИНА А.И. 2

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес тауарларды тасымалдау (тасу) кезінде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді қолданудың ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения об особенностях применения обеспечения исполнения обязанности по уплате таможенных пошлин, налогов, специальных, антидемпинговых, компенсационных пошлин при перевозке (транспортировке) товаров в соответствии с таможенной процедурой таможенного транзита», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы С.А. МӘКЕЖАНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по финансам и бюджету МАКЕЖАНОВА С.А. 3

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САТВАЛДИЕВ А.Г. 4

БІРЖАНОВ Е.Е. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан	5
ӘЙТКЕНОВ Е.Н.	5
БІРЖАНОВ Е.Е.	6
БОЛЬГЕРТ Е.А.	6
БІРЖАНОВ Е.Е.	7
БЕКЕНОВ Н.Ж.	7

Депутат С.Т. МЕДЕБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата МЕДЕБАЕВА С.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	9
---	---

Депутат С.Қ. АРУБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АРУБАЕВА С.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	10
--	----


Депутат А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АЛНАЗАРОВОЙ А.Ш. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	11
---	----

Депутат З.П. КУЗИЕВТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Көлгіновке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КУЗИЕВА З.П. к заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Кульгинову А.С.	13
---	----

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Әлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы



Г. Молдашева